ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 8 желтоқсан №5165-23-00-2/3275 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.С.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түлкібас ауданы әкімдігінің Састөбе кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Динара» Динара Қайратқызы Үйсінбекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Түлкібас ауданы әкімдігінің Састөбе кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Динара» Динара Қайратқызы Үйсінбекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Динара» Динара Қайратқызы Үйсінбековадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Документ подписан: Чингиспаева К. С., 08.12.2023

Дата вступления в законную силу: 09.01.2024, судья Чингиспаева К. С., 10.01.2024

5165-23-3-1/3513